

**Шанышқылы Бердіқожа батырға арналған
Ұйымдастыру комитеті жиналысының хаттамасы
№01-18.04**

Астана қ.

2015 жылғы «18» сәуір

Төрағалық еткен: Қасымбеков Бақтыбай Әшімбекұлы

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:

1. Қасымбеков Бақтыбай Әшімбекұлы
2. Елікбаев Жәнібек Орынбасарұлы
3. Айтжанов Алдаш Тұрдықұлұлы
4. Әзімбаев Өмірбек Тұрдымұратұлы
5. Иманқұлова Шолпан Қамысбекқызы
6. Құрманқажыұлы Бейсен

К ү н т ә р т і б і:

1. Бердіқожа батырға Астанада даңғыл атын беруді ұйымдастыру;
2. Бердіқожа батырға арналған кітапты қайта шағару;
3. Өңірлерде Бердіқожа батырға арналған тұсаукесерлер өткізу.

1. Бердіқожа батырға Астанада даңғыл атын беруді ұйымдастыру

*Б.Қасымбеков, А.Айтжанов, Ө.Әзімбаев, Ж.Елікбаев,
Ш.Иманқұлова, Б.Құрманқажыұлы*

Бердіқожа батыр бабамызға ең алдымен Елордамыз - Астана қаласында даңғылға (проспект) атын беруді ұйымдастыру қажет. Астанада Бердіқожа батырдың аты бір ірі даңғылға тезірек берілсе, басқа қалаларда бұл жұмысты ұйымдастыру барысында біз Елорданы үлгі ретінде атап өтеміз. Бұл Алматы, Шымкент, Тараз, Қарағанды қалаларында даңғылдар мен көшелерге батырдың есімін беру мәселесінің тез шешілуіне септігін тигізеді.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың атына ұсыныс-хат әзірлеуіміз қажет. Ұсыныс-хатқа еліміздің белгілі ғалымдары мен зиялы қауымның өкілдері қол қоюы қажет.

Осыған орай келесі аптада, ү.ж. 24 сәуір күні Сәкен Сейфуллин атындағы мемлекеттік мұражайда Бердіқожа батырдың өшпес ерліктері мен өмір жолын насихаттау мақсатында белгілі ғалымдар мен зиялы қауымның, ономастикалық комиссия мүшелерінің, Бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен конференция ұйымдастыру қажеттілігі нұсқалды. Конференцияға Елбасының атына жазылатын ұсыныс-хатқа қол қойатын белгілі ғалымдар мен зиялы қауымды ғана шақыру қажеттілігі атап өтілді.

2. Бердіқожа батырға арналған кітапты қайта шағару

Б.Қасымбеков, Б.Құрманқажыұлы

Бердіқожа батыр бабамыз туралы 2012 жылы шығарылған кітапты толықтырып, өңдеп, баспадан қайта шығару қажеттілігі атап өтілді. Қазіргі таңда жан-жақты қамтылған материалдар мен ақпараттардың болуына байланысты Батырға арналған кітап келесі 3 бөлімді қамтуы тиіс.

1. Шанышқылы руы жөніндегі мәліметтер бөлімі.
2. Бердіқожа батыр бабамыз жөніндегі бөлім.
3. Шанышқылы руының белгілі тұлғалары жөніндегі бөлім.

Сонымен бірге кітапта Қытай жеріндегі қазақтар және сол замандағы шайқастар туралы мәліметтер де толығымен қамтылуы қажет. Кітап ү.ж. шілде айында жарыққа шығарылуы тиіс. Бердіқожа батыр бабамыздың кесенесінің ашылуымен бірге Кітапқа да тұсаукесер өткізілуі дұрыс.

3. Өңірлерде Бердіқожа батырға арналған тұсаукесерлер өткізу

Б.Қасымбеков

Бердіқожа батыр бабамыз туралы тұсаукесер материалдары, деректі фильм мен арнайы репортаж қазір өңделу процесінде екендігі айтылды. Батырдың ерлігі мен өнегелі өмір жолын қалың жұртқа насихаттау, аймақтарда іске асырылатын шараларды түсіндіру және ат салушылар/қатысушылар аясын кеңейту мақсатында өңірлерде тұсаукесер өткізілуі қажеттілігі атап өтілді.

Ұйымдастыру комитетінің төрағасы



Б. Қасымбеков

Хатшы



Ш. Иманқұлова

Келісілді:

Өзімбаев Өмірбек Тұрдымұратұлы



Елікбаев Жәнібек Орынбасарұлы

Айтжанов Алдаш Тұрдықұлұлы

Құрманқажыұлы Бейсен

